


Өнім туралы жалпы ақпарат

Aqara Smart Wall Switch H1 EU (With Neutral) — бейтарап сымға қосылатын, стандартты дөңгелек қорапшаға арналған ақылды қосқыш. Кеңейтілген функционалы бар: электр тұтыну статистикасы, күй жады және шамадан тыс жүктемеден қорғаныс. Құрылғыны Aqara Home қосымшасы арқылы немесе автоматты сценарийлер көмегімен басқаруға болады. Қосқыш 8 А-ға дейінгі жүктемені коммутациялайды.

Анықтамалық ақпарат

1. Құрылғының жұмыс істеуі үшін Zigbee 3.0 протоколын қолдайтын Ақылды үй орталығы (хаб) қажет.
2. Құрылғыны HomeKit-пен пайдаланған кезде Apple HomeKit үй орталығы қажет.
3. Толығырақ ақпарат алу үшін www.aqara.com/support сайтына кіріңіз.



WS-EUK03


Батырма

Бір рет басу: қосу/өшіру

5 секунд ұстап тұру: параметрлерді қалпына келтіру / жұптасу күйіне өту

3 рет қысқа басу: байланысты тексеру

Индикатор



WS-EUK04

Батырма

Бір рет басу: қосу/өшіру

5 секунд ұстап тұру: параметрлерді қалпына келтіру / жұптасу күйіне өту

3 рет қысқа басу: байланысты тексеру

Индикатор


Құрылғыны орнату

Суретте екі пернелі нұсқа мысал ретінде берілген.




Қосқанға дейін желінің токсыз екеніне көз жеткізіңіз (дифференциалды автоматты өшіріңіз).

1. Жалпақ бұрандауыш немесе басқа тиісті зат арқылы қосқыштың панелін ашыңыз.




2. Бұрандауышпен қосқыштың артқы панеліндегі клемма бұрамасын босатыңыз, фазалық сымды L клеммасына, ал жүктеме сымдарын (шам) — L1 және L2 клеммаларына жалғаңыз (сол және оң батырмаларға сәйкесінше).
Қосылымның дұрыстығына көз жеткізіп, клемма бұрамасын бекітіңіз.



L2 клеммасы тек екі пернелі нұсқада болады.

3. Қосқышты орнату қорапшасына жинақтағы бұрамалармен бекітіп, қосқыш панелін орнатыңыз.



4. Дифференциалды автоматты қосып, қосқыш батырмасын басыңыз. Егер қосқыш басуға жауап берсе — орнату аяқталды.

Жылдам баптау

1. Құрылғыны іске қоспас бұрын, Aqara Home қолданбасының жүктелгеніне және Zigbee 3.0 қолдайтын Aqara Ақылды үй орталығының (хаб) орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Қосымшаны ашып, бас беттің жоғарғы оң бұрышындағы «+» батырмасын басыңыз, құрылғы қосу бетіне өтіп, «H1 EU қосқышы (бейтараппен, 1 перне)» немесе «H1 EU қосқышы (бейтараппен, 2 перне)» тармағын таңдап, қосымша нұсқауларын орындаңыз.

* Егер қосу сәтсіз болса, Ақылды үй Орталығын (хабты) құрылғыға жақындатып, қайталап көріңіз.

3. Хабпен байланысты тексеру: шамды қатарынан 3 рет қосып-өшіріңіз. Хаб дыбыстық сигнал берсе — байланыс тұрақты.

Индикатор күйлерінің сипаттамасы

Индикатор күйі	Сипаттама
Бір рет көк жыпылықтады	Құрылғы қосылды
Тез көк жыпылықтайды	Желіге қосылу үдерісі
Үздіксіз көк жанады	Құрылғы желіге қосылған
Жылдам қызыл жыпылықтайды	Шамадан тыс жүктеме және қызып кету сигналы
Баяу қызыл жыпылықтайды	Құрылғы желіге қосылмаған
Үздіксіз қызыл жанады	Дұрыс емес коммутация

Негізгі параметрлер

Өнім атауы: Aqara Smart Wall Switch H1 EU (With Neutral)

Үлгісі: WS-EUK03 / WS-EUK04

Өлшемдері: 85,8 × 86 × 37,55 мм

Сымсыз протокол: Zigbee 3.0

Электрлік сипаттамалары: 100–250 В айнымалы ток,
50/60 Гц, макс. 8 А (резистивті жүктеме)

Жұмыс температурасы: 0°C – 40°C

Жұмыс ылғалдылығы: 0% – 95% салыстырмалы
ылғалдылық, конденсациясыз

Zigbee жиілігі: 2405–2480 МГц

Zigbee максималды шығыс қуаты: ≤13 дБм

Жинақталымда: ақылды қабырға қосқышы x1, жылдам
орнату нұсқаулығы x1, бұрмалар x2

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғы — ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС. Балаларды оған жолатпаңыз.
2. Бұл құрылғы тек үй ішінде пайдалануға арналған. Ылғалды ортада немесе ашық ауада пайдаланбаңыз.
3. Құрылғыны ылғалдан сақтаңыз, су немесе басқа сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.
4. Құрылғыны желдеткіші жоқ жабық корпусқа орналастырмаңыз.
5. Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Барлық жөндеу жұмыстарын маман орындауы тиіс.
6. Бұл құрылғы үй ішіндегі ыңғайлылық пен өмір сапасын арттыруға және үй оқиғалары туралы еске салуға арналған.

Пайдаланушы пайдалану нұсқаулығын бұзған жағдайда, өндіруші тәуекелдер мен мүлікке келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтермейді.

Сақтау және тасымалдау шарттары

Жабдық сыртқы әсерлерден қорғалуы тиіс. Қоршаған ауаның рұқсат етілген температурасы: 0°C – 40°C.

Ақаулық анықталған жағдайдағы шаралар

Жабдықта ақаулық анықталған жағдайда:

1. Жабдықты қоректен ажыратыңыз.
2. Кеңес алу немесе жабдықты жөндеу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Жабдық қызмет мерзімі ішінде мерзімді техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.

Өндіруші: Lumi United Technology Co., Ltd. Room 801-804,
Building 1, Chongwen Park, Nanshan iPark, No. 3370,
Liuxian Avenue, Fuguang Community, Taoyuan Residential
District, Nanshan District, Shenzhen, China

Кеңсе 801-804, ғимарат 1, Чонгвэнь саябағы, Наньшань iPark,
No3370, Люсянь даңғылы, Фугуан ықшамауданы, Таоюань
тұрғын ауданы, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай
Сайт: www.aqara.com

E-mail: www.aqara.com/support

Қытайда жасалған

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар

қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС
КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа
даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекенжайы: info@dns-shop.kz

